

**Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары және басқа да мемлекеттік органдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қазандағы N 247-ІІ Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 290-құжат; N 24, 592-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат, N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; 2001 жылғы 15 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 16 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі мен Қазақстан Республикасының ІІМ ішкі әскерлері қолбасшысы өкілеттіктерінің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

3 2 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі әскерлердің әскери қызметшісі қаза тапқан (қайтыс болған) немесе жарақат алған жағдайда, оны зейнетақымен қамсыздандыру, оған берілетін кепілдіктер";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі әскерлердің әскери қызметшісіне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқарып жүрген кезеңде жарақат алған кезде, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін құқықтық және әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтем алуға құқығы бар адамдарға бір жолғы өтем төленеді.";

үшінші және төртінші бөліктер алып тасталсын;

бесінші бөліктегі "республика бюджетінің қаржысынан" деген сөздер " республикалық бюджеттен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1993 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 32-құжат

; N 18, 429-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; N 22, 133-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 920-құжат):

1 ) 1 0 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілерге ақшалай үлес Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және ол қызметтен өтудің Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ерекше жағдайлары үшін төленетін ақшалай қаражат пен үстеме ақыны қамтиды.

Әскери қызметшілердің ақшалай қаражаты лауазымдық айлықақыдан және әскери атағы бойынша айлықақыдан тұрады.";

төртінші бөліктегі "әскери қызметшінің өзіне ақшалай үлестің екі айлықақысы және онымен бірге көшкен әрбір отбасы мүшелеріне ақша қаражатының айлық жалақысының жартысы" деген сөздер "әскери қызметшінің өзіне екі айлық лауазымдық айлықақысы және онымен бірге көшкен әрбір отбасы мүшелеріне лауазымдық айлықақысының жартысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілер мемлекет есебінен заттай мүлікпен қамтамасыз етіледі.

Казармалық жағдайдағы мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілердің, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарының қызметтен өту жағдайы ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар бойынша азық-түлікпен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Парашютпен секіруді жүзеге асыратын әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери қызметшілер әскери кезекшілікті атқарған, әскери эшелондарға ілесіп жүрген, дала іс-қимылдары шараларына қатысқан және стационарда емделуде болған кезде осы кезеңге Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген норма бойынша азық-түлікпен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Шекаралық заставадарда, шалғайдағы аудандарда орналасқан оқшауланған жабық гарнизондарда қызметтен өтіп жүрген әскери қызметшілер (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқа), олардың отбасы мүшелері ақылы азық-түлікпен қамтамасыз етіледі. Азық-түлікпен қамтамасыз етудің тәртібі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

алтыншы бөліктегі "пен заттай түріндегі азық-түліктің" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

2) 12-баптың он екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілерге (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқа) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен, еңбек сіңірген жылдарына карамастан, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін ескере отырып, тұрғын үй

қорының кімге тиесілі екендігіне қарамастан, тұрғын үйді ұстау, коммуналдық қызмет көрсету (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау) шығындарын төлеу үшін республикалық бюджетте тиісті жылға айқындалған мөлшерде ақшалай өтем төленеді.";

3 ) 1 4 - б а п т а :

тақырыбы және бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Әскери қызметшілерге қаза тапқан (қайтыс болған) немесе жарақат алған жағдайда берілетін кепілдіктер

Әскери қызметші немесе әскери жиынға шақырылған әскери міндетті адам әскери қызметтен өту кезеңінде қаза тапқан (қайтыс болған), жарақат алған жағдайда оларға бір жолғы өтем төленеді.";

екінші бөліктегі "Сақтандыру сомасын" деген сөздер "Бір жолғы өтемді" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "мемлекеттік сақтандыру органдары оның мұрагерлеріне (мұрагерлікке құқығын дәлелдейтін куәлігін табыс еткеннен кейін) соңғы атқарған қызметі бойынша қаза тапқан (қайтыс болған) күніне дейінгі он жылдық ақшалай қаражатын төлейді," деген сөздер "оның мұрагерлеріне (мұрагерлікке құқығын дәлелдейтін куәлігін табыс еткеннен кейін) соңғы атқарған қызметі бойынша қаза тапқан (қайтыс болған) күніне дейінгі бір жолғы өтемді алпыс айлық ақшалай қаражатының мөлшерінде төлейді," деген сөздермен ауыстырылсын;  
алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшінің (әскери міндеттінің) әскери қызметтен өту (жиыннан өту) кезеңінде немесе әскери қызметтен өтуге (жиыннан өтуге) байланысты контузия, мертігу, ауыру салдарынан әскери қызметтен босатылғаннан (жиын аяқталғаннан) кейін бір жыл өткенге дейін мүгедектігі анықталған жағдайда бір жолғы өтем:

I топтағы мүгедекке - отыз айлық ақшалай қаражаты;

II топтағы мүгедекке - он сегіз айлық ақшалай қаражаты;

III топтағы мүгедекке - алты айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде төленеді.";

жетінші бөліктегі "үш айлық ақшалай қаражаты; жеңіл жарақат алған ретте бір айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде сақтандыру сомасы" деген сөздер "бір жарым айлық ақшалай қаражаты; жеңіл жарақат алған ретте жарты айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтем" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер өлімнің себебі өзіне-өзі қол жұмсаудан болғаны, өзіне-өзі қол жұмсауға жеткізген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, сондай-ақ егер қаза (өлім), жаралану, контузия, жарақат алу, мертігу адамның заңға қайшы іс-әрекетінен немесе алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан мас болу себебінен немесе өзіне қандай да бір жарақат түсіру (денесіне зиян келтіру) арқылы болса және бір жолғы өтем алу немесе әскери

қызметтен жалтару мақсатымен өз денсаулығына өзгедей зиян келтірсе, бір жолғы өтем төленбейді." ;

т о ғ ы з ы н ш ы б ө л і к т е :

қазақша мәтінде жетінші абзацтағы "сақтандыру сомалары" деген сөздер "бір жолғы өтемдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, сегізінші және тоғызыншы абзацтардағы "ең төменгі" деген сөздер алып тасталып, "жалақы" деген сөз тиісінше "айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 ) 1 6 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "әскери қызметтен босағанда" деген сөздерден кейін "стационарда емделуге барып, қайтқанда" деген сөздермен толықтырылсын;  
алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерге пошта жіберілімдері үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде ақшалай өтем төленеді."; мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшінің стационарда емделуге барып, қайтқанда, әскери қызметтен босағанда, сондай-ақ демалысқа барып, қайтқанда Қазақстан Республикасының аумағында темір жол, әуе, су және автомобиль көлігімен тегін жүруге құқығы бар." ;

5 ) 1 7 - б а п т а :

б е с і н ш і б ө л і к т е :

үшінші абзацтағы "ақшалай қаражатының алты айлықақысы және әскери қызметтің жалпы ұзақтығы үшін проценттік үстеме" деген сөздер "ақшалай қаражатының төрт айлықақысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "ақшалай қаражатының жеті айлықақысы және әскери қызметтің жалпы ұзақтығы үшін проценттік үстеме" деген сөздер "ақшалай қаражатының бес айлықақысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "ақшалай қаражатының сегіз айлықақысы және әскери қызметтің жалпы ұзақтығы үшін проценттік үстеме" деген сөздер "ақшалай қаражатының алты айлықақысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы "ақшалай қаражатының тоғыз айлықақысы және әскери қызметтің жалпы ұзақтығы үшін проценттік үстеме" деген сөздер "ақшалай қаражатының жеті айлықақысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзацтағы "ақшалай қаражатының он айлықақысы және әскери қызметтің жалпы ұзақтығы үшін проценттік үстеме" деген сөздер "ақшалай қаражатының сегіз айлықақысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзацтағы "жұмысшылар мен қызметшілердің ең төмен бір жалақысы" және "жұмысшылар мен қызметшілердің ең төмен бес жалақысы" деген сөздер тиісінше "айлық есептік көрсеткіш" және "бес айлық есептік көрсеткіші" деген

сөздермен

ауыстырылсын;

алтыншы бөліктегі "мен әскери қызметтің жалпы ұзақтығы үшін проценттік үстемеге" деген сөздер алып тасталып, "екі айлықақысы" деген сөздер "екі айлықақысына" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 45-құжат; N 14, 197, 201, 202-құжаттар; N 23, 425-құжат; N 24, 436, 442, 445-құжаттар; 1999 ж., N 6, 192, 193-құжаттар; N 20, 731-құжат; N 21, 786-құжат; N 23, 928-құжат; N 24, 1067-құжат; 2000 ж., N 3-4, 65, 66-құжаттар; N 10, 234-құжат; 2001 ж., N 3, 16-құжат; N 10, 124-құжат; 2001 жылғы 15 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 13 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

177-баптың 1-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде жүзеге асырылады." деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13, 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат; 1997 ж., N 11, 144-құжат; N 12, 189-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 46-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 20, 717-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; N 10, 244-құжат; N 18, 338-құжат):

1) 406-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"406-бап. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдары қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертліккен жағдайда берілетін кепілдіктер

Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды адамына қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде мертліккен кезде, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, өтем алуға құқығы бар адамдарға бір жолғы өтем төленеді.

Бір жолғы өтемді төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, қаза тапқан адамның отбасына

соңғы атқарған қызметі бойынша алпыс айлық ақшалай қаражат мөлшерінде бір жолғы өте м төленеді .

Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдары қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының, жаралануының (контузияның), мертігуінің, ауруының салдарынан болған мүгедектігі анықталған кезде оларға:

I топтағы мүгедекке - отыз айлық ақшалай қаражаты;

II топтағы мүгедекке - он сегіз айлық ақшалай қаражаты;

III топтағы мүгедекке - алты айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өте м төленеді .

Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін атқару кезінде мүгедектікке әкеп соқтырмаған ауыр мертігуге (жарақатқа, жаралануға, контузияға) ұшыраған жағдайда, оған бір жарым айлық ақшалай қаражаты, жеңіл мертігуге ұшыраған жағдайда айлық ақшалай қаражатының жартысы мөлшерінде бір жолғы өте м төленеді .

Осы бапта көзделген бір жолғы өте мді есептеу үшін қолданылатын ақшалай қаражат лауазымдық айлықақыдан және арнаулы атағы үшін қосымша ақыдан тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды адамының қаза табуы ( қайтыс болуы), жарақат алуы, жаралануы (мертігуі), ауруы қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты емес мән-жайлардан болғандығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, бір жолғы өте м төленбейді.";

2) 407-бап алып тасталсын.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы N 2483 заң күші бар Жарлығына ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 19, 118-құжат; N 23, 142-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184, 190-құжаттар):

19 - б а п т а :

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі әскери қызметшілеріне ақшалай үлес Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және ол қызметті өтеудің Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ерекше жағдайлары үшін төленетін ақшалай қаражат пен үстеме ақыны қамтиды.

Әскери қызметшілердің ақшалай қаражаты лауазымдық айлықақыдан және әскери атағы бойынша айлықақыдан тұрады.";

төртінші бөліктегі "және басқа үлес түрлерімен" деген сөздер "мүлікпен" деген сөзбен ауыстырылсын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық ұлан туралы" 1995 жылғы 5 желтоқсандағы N 2671 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 139-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184, 190-құжаттар; 1998 ж., N 11-12, 174-құжат ; N 24, 436-құжат):

- 1) 12-баптың 2-тармағының 10) тармақшасы алып тасталсын;
- 2) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

"18-1-бап. Республикалық ұланның әскери қызметшілеріне ақшалай үлес

Республикалық ұланның әскери қызметшілеріне ақшалай үлесі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді."

7. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233 , 247-құжаттар; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 жылғы 15 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 16 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі мен Қазақстан Республикасының ІІМ ішкі әскерлері қолбасшысы өкілеттіктерінің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы ):

1 )                    2 0 - б а п т а :

4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ішкі істер органдарының мамандары мен жұмысшыларының еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және еңбек туралы заңдарымен р е т т е л е д і . " ;

2 )                    2 6 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ақшалай үлес Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және ол қызметті өтеудің Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ерекше жағдайлары үшін төленетін ақшалай каражат пен үстеме ақыны қамтиды.

2. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің ақшалай

қаражаты лауазымдық айлықақыдан және арнаулы атағы үшін қосымша ақыдан тұрады

" ;

3 - тармақ алып тасталсын ;

4-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

3 ) 2 8 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі істер органдарының қызметкерлері қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертліккен жағдайда берілетін кепілдіктер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ішкі істер органдарының қызметкеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқарып жүрген кезеңінде мертліккен жағдайда, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтем алуға құқығы бар адамдарға бір жолғы өтем төленеді.";

2-тармақтағы "Сақтандыру сомаларын" деген сөздер "Бір жолғы өтемді" деген сөздермен, "анықтайды" деген сөз "белгілейді" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "он жылдық ақшалай үлесі мөлшерінде бір жолғы сақтандыру сомасы" деген сөздер "алпыс айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтем" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4 - т а р м а қ т а :

қазақша мәтінде 3) тармақшадағы "сақтандыру сомалары" деген сөздер "өтем" деген сөзбен ауыстырылсын ;

1) тармақшадағы "бес жылдық" деген сөздер "отыз айлық" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) тармақшадағы "үш жылдық" деген сөздер "он сегіз айлық" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) тармақшадағы "бір жылдық" деген сөздер "алты айлық" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5 - т а р м а қ т а :

"үш айлық ақшалай үлесі мөлшерінде, жеңіл зақым алған жағдайда - бір айлық ақшалай үлесі мөлшерінде сақтандыру сомасы" деген сөздер "бір жарым айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде, жеңіл зақым алған жағдайда жарты айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтем" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем алып тасталсын ;

6-тармақтағы "сақтандыру сомасы" деген сөздер "бір жолғы өтем" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156



-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 15, 208-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат):

1) 11-баптың 5) тармақшасындағы "штат саны мен бекітілген қаржы шегінде прокуратура органдарында еңбекке ақы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат санының лимиті шегінде прокуратура органдарындағы штат санын және еңбекақы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 ) 4 9 - б а п т а :

1-тармақтағы "еңбек сіңірген жылдарына" деген сөздер "арнаулы қызмет стажына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "лауазымдық жалақысына қосымша ақы" деген сөздер "сыныптық шендері үшін қосымша ақы немесе әскери атақтары бойынша айлықақы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 52-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"52-бап. Еңбекті құқықтық реттеу

М ы н а л а р д ы ң :

1) прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары осы Жарлықпен, Прокуратура органдарында қызметтен өту туралы ережемен, сондай-ақ осы Жарлыққа қайшы келмейтін бөлігінде мемлекеттік қызмет және еңбек туралы заңдармен реттеледі ;

2) прокуратура органдарының мамандары мен жұмысшыларының еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және еңбек туралы заңдарымен реттеледі. " ;

4 ) 5 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. Прокуратура органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді. " ;

7 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

8 - т а р м а қ т а :

"он жылғы ақшалай үлесі мөлшерінде бір жолғы сақтандыру сомасы" деген сөздер алпыс айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтем" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"мұрагерлеріне" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баппен көзделген бір жолғы өтемді есептеу үшін қолданылатын ақшалай қаражат лауазымдық айлықақыдан және сыныптық шені үшін (әскери атағы бойынша)

қосымша ақыдан (айлықақыдан) тұрады.";

9-тармақтағы "тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде" және "және санаторий-курорттық" деген сөздер алып тасталсын;

10-тармақтағы "жұмысшылары мен қызметшілерінен" деген сөздер "мамандары мен жұмысшыларынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 54-бап алып тасталсын;

б) 55-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"55-бап. Арнаулы қызмет стажы

1. Прокуратура органдарындағы қызмет (жұмыс) мемлекеттік қызметтің арнаулы түрі болып табылады. Арнаулы қызмет (жұмыс) стажына прокуратура органдарындағы қызметтен (жұмыстан) басқа:

1) Қарулы Күштердегі, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарындағы және басқа да құқық қорғау органдарындағы;

2) сот органдарындағы;

3) мемлекеттік қызметте болған қызмет (жұмыс);

4) заң мамандығы бойынша ғылыми және педагогтік жұмыс;

5) өкілді биліктің мемлекеттік органдарындағы сайланбалы лауазымдағы жұмыс уақыты есептеледі."

9. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233-құжат; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат):

1) 19-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілерінің ақшалай үлесі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді.";

2-тармақтағы ", егер заңдарда белгіленген тәртіппен өзгеше көзделмесе, заңдарда Қарулы Күштердің әскери қызметшілері үшін белгіленген бұйымдық және заттай үлеспен" деген сөздер "заңдарда белгіленген тәртіп бойынша мүлікпен және азық-түлікпен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 20-баптың 1-тармағындағы "қызмет өткерген жылдарына проценттік үстемеақы" деген сөздер "лауазымдық айлықақы" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат, N 23, 925-құжат):

1) 60-баптың 1-тармағында:

бірінші абзацтағы "Әскери қызметшілердің" деген сөздерден кейін "(мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқа)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "және" деген сөз "немесе" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әскери қызметтегі офицерлік құрамдағы адамдардың, прапорщиктердің (мичмандардың), Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының орта, аға және жоғары басшы құрамындағы адамдардың, сондай-ақ келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген әскери қызметті және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы қызметтен өтудің шекті жасына жеткен, 25 жыл және одан да көп жалпы еңбек стажы бар, оның кемінде 12 жыл 6 айын үздіксіз әскери қызметтегі немесе Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы қызметі кұрайтын адамдардың;"

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) 25 жыл және одан да көп жалпы еңбек стажы бар, оның кемінде 12 жыл 6 айын үздіксіз әскери қызмет немесе ішкі істер органдарындағы қызмет кұрайтын, штаттың қысқаруына немесе денсаулық жағдайына байланысты қызметтен босатылған адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар;"

2) 61-бапта:

1-тармақтағы "ақшалай үлестің 60 проценті" деген сөздер "ақшалай қаражатының 50 проценті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2, 4-тармақтардағы "ақшалай үлестің" деген сөздер "ақшалай қаражатының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

"ақшалай үлестің 75 процентінен" деген сөздер "ақшалай қаражатының 65 процентінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қызметкерлеріне төленетін ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің ең жоғары мөлшері тиісті жылға арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жетпіс бес айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.";

3) 63-бапта:

тақырыптағы "ақшалай үлесінің" деген сөздер "ақшалай қаражатының" деген сөздермен және 1-тармақтағы "ақшалай үлесі" деген сөздер "ақшалай қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерін, ішкі істер органдары

қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру үшін ескерілетін ақшалай қаражат мөлшеріне лауазымдық айлықақысы, әскери (арнаулы) атағы бойынша айлықақысы (қ о с ы м ш а а қ ы ) к і р е д і . " ;

3-тармақтағы "ақшалай үлесі" деген сөздер "ақшалай қаражаты" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) 64-баптың 1-тармағындағы "ақшалай үлес" деген сөздер "ақшалай қаражат" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5 ) 6 5 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әскери қызметінде, ішкі істер органдарындағы қызметте 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша он жылға жетпейтін әскери қызмет стажы бар, Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен қамтылған әскери қызметшілері, ішкі істер органдары қызметкерлері үшін мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына немесе мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорына, осы Заңның 63-бабының 2-тармағында белгіленген ақшалай қаражаты мөлшерінің 20 проценті мөлшерінде тиісті бюджеттің қаражаты есебінен салымшының таңдауы бойынша жеке зейнетақы шотына міндетті зейнетақы жарналарын аудару тәртібі енгізіледі.";

үшінші бөлік алып тасталсын.

11. "Дипломатиялық қызмет туралы" 1997 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 275-құжат; 1999 ж., N 23, 916-құжат):

2 6 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"адамдарды ақшалай қамтамасыз ету" деген сөздер "адамдарға еңбекақы төлеу" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"біртұтас жүйесімен" деген сөздер "бірыңғай жүйесі негізінде" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөліктегі "еңбегіне ақы төлеу" деген сөздер "еңбек" деген сөзбен ауыстырылсын.

**2-бап.** Осы Заңның 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 2-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, осы Заң 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*